

**Жаңаарқа ауданы Атасу кенті бойынша коммуналдық қалдықтарды жинауға, шығаруға, көмуге және кәдеге жаратуға арналған тарифтерді бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 мамырдағы II сессиясының № 2/16 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 мамырда № 3828 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 маусымдағы № 16/123 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 28.06.2024 № 16/123 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жаңаарқа ауданы Атасу кенті бойынша коммуналдық қалдықтарды жинауға, шығаруға, көмуге және кәдеге жаратуға жеке және заңды тұлғалар үшін тарифтер қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс  
II сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б. Бекежанова*

*К. Имантусупов*

Жаңаарқа аудандық мәслихатының  
2016 жылғы 11 мамырдағы  
№ 2/16 шешіміне қосымша

**Жаңаарқа ауданы Атасу кенті бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару, көмуге және кәдеге жаратуға арналған тарифтер**

Атауы	Жинақталу нормасы м3	1м3 үшін тариф (ҚҚС-мен) (теңге)	Бір айда коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару (және кәдеге жарату үшін қызмет құны (теңге)	Бір айда коммуналдық қалдықтарды көму үшін қызмет құны (теңге)
Заңды тұлғаларға (1м3 үшін)		1364,39		492
Жайлы тұрғын үй	1,1		125,07	

Жеке тұлғалар	(1 тұрғынға)		1364,39		
	Жайлы емес тұрғын үй (1 тұрғынға)	2,0	1364,39	227,04	

Ескертпе:

ҚҚС – қосылған құн салығы;

м<sup>3</sup>-текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК